

# Осы күнге ардагерлердің арқасында жеттік

Мейрамтай Иманғали

Ата-бабамыз ғасырлар бойы армандаған Тәуелсіздік жолында аянбай еңбек етіп, тер төккен ардагерлеріміз қандай құрметке болсын лайық. Кеше облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ аймағымыздың бір топ ардагеріне Тәуелсіздігіміздің жиырма жылдығына арналған арнайы мерекелік медалін табыс етті.

— Алда ұлы той — ел Тәуелсіздігінің жиырма жылдығы. Біз сіздермен, міне, осы мереке қарсаңында кездесіп, бас қосып отырмыз. Өйткені, бүгінгі Тәуелсіздік өздеріңіздің еңбектеріңіздің жемісі екені сөзсіз. Төгілген тер мен қанның арқасында біз осы күнге жеттік. Егер сіздер майданға аттанып, Отанды қорғамағандарыңызда, соғыстан кейінгі өндірісті қалпына келтірмегендеріңізде біз осынау күнге жетер ме едік, — деді облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ.

Қазақстан — көпұлтты мемлекет. Осынау көпұлтты елдің бірлігі мен ынтымағын сақтау жолында да ардагерлеріміздің қосқан үлесі өлшеусіз. Мұны облыс басшысы өз сөзінде ерек-

ше атап айтты. Ынтымақты елдің ырысы, бірлігі бар елдің берекесі артады. Мемлекетіміздің, облыстың бүгінгі жарқын жетістіктері осынау береке мен бірліктің, сүттей ұйыған тыныштықтың арқасында мүмкін болып отыр.

— Сіздер бізге керексіздер. Сіздердің өмірден алған мол тәжірибелеріңіз кейінгі ұрпаққа қашанда қымбат. Жүріп өткен өмір жолдарыңыз жастарға үлгі-өнеге. Отаншылдық, патриоттық рух та осыдан басталады, — деп сөзін жалғаған облыс Әкімі үстіміздегі жылы «тимуршылар» қозғалысының жұмысын жандандыруға 3 миллион теңге бөлінгенін, алдағы жылы бұл игі дәстүр жалғасын табатынын да жеткізді.

— Ардагерлерді Тәуелсіздік мерекесімен

құттықтап, төсіне мерекелік медалді қадауды Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ облыс басшыларына арнайы тапсырды, — деді Әкім. Ардагерлерді марапаттау рәсімі өткенде Абай ауданы мен Семейде басталса, бүгін, міне, облыс орталығында жалғасын тауып отыр.

Әне, ардагерлеріміздің кеудесінде мерекелік медаль жарқырайды. Еткен еңбектің еленгені қандай жақсы. Аягөз ауданының Қосағаш ауылдық округінен келген, бір кездегі Социалистік Еңбек Ері атағының иегері Жанарбек Шүленбаев ақсақалдың да мерейі бір тасып қалды. Атағы облысқа ғана емес, республикаға танымал Бошай Кітапбаев, Хафиз Матаев, Фрунзе Жақсылықов, Геннадий Бердюгин сынды ақсақалдардың да төбесі көкке жеткендей болды.

Ардагерлер — асыл қазына. Осынау асыл қарттарымыздың қатары селдіремесін деп тілейікші әрқашан.